



Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№24 (1866) Жұма, 20-маусым 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ПРЕЗИДЕНТ ЕКІНШІ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Саммитті ашқан Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасына және Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан басшыларына ілтипат білдірді.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Сондай-ақ Саммит жұмысына белсене атсалысып, өңірлік ынтымақтастыққа ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан бауырлас мемлекеттердің басшыларына ризашылығын жеткізді.

— Жиынға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік қарым-қатынасқа, достық пен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді рөлін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллиондай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау оң үдерісте Қытай Халық Республикасымен сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, көз келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін береді.

— Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл — рекордтық меже. Аталған көрсеткіштің 46 пайызы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44

миллиард долларға жетті. Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін көршілес ел бізге 26 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнымайтынын растады.

— Қазақстанда экономикалық өсімге серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Әсіресе, Қытаймен бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында сұранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялар мен тиімді су үнемдеу әзірлемелерін қолданысқа енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын локализациялау ісіне атсалысады деп үміттенеміз. Елдеріміз арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргідей геосаяси ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

— Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабқа айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлықаралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий

бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі аймақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы ықпалдастықты өңірдің орнықты дамуына әсер ететін ең басты факторлардың бірі ретінде атады.

— Біз озық технологиялар алмасуға және энергетика инфрақұрылымдарын жаңғыртуға ниеттіміз. Сондай-ақ аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуге және қуат көздерін әртараптандыруға мән берген жөн. Қытай Халық Республикасының ядролық энергетиканы дамытудағы бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Жуық арада келісімге қол қоюға дайындаламыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасына жоғары баға берді. Оның пікірінше, бұл теңқұқылы серіктестік, ортақ игілік пен өзара құрмет қағидаларына толық сай келеді. Мемлекет басшысы аталған ұстанымдар бүгінгі Саммит қорытындысы бойынша қол қойылатын «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартта» көрініс табатынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азияның бейбітшілік, орнықты қауіпсіздік пен өнімді ықпалдастық мекені болғанын қалайды. Еліміз діни экстремизммен, терроризммен, сепаратизммен, есірткі тасымалдаумен, заңсыз қару-жарақ саудасымен, рұқсатсыз көші-қонмен және адам саудасымен ымырасыз күресті жалғастыруға әзір. Халықаралық киберқылмыстың өршуі айрықша назар аударуды талап етеді. Осыған орай Президент салалық ведомство басшылары арасында тұрақты байланыс орнатуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия мен Қытай халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жоғары қарқынына тоқталды. Мәдени орталықтардың ашылуы, креативті индустрия және туризм салаларының дамуы осы бағыттағы басты басымдықтар ретінде аталды.

— Сиань қаласынан Алматы шаһарына қатынайтын алғашқы туристік пойыздың іске қосылуын құптаймыз. «Қазақстандағы Қытай туризмі жылына» орайластырылған бұл оқиға ғасырлар бойы Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дәнекер болған Ұлы Жібек жолының рухын жаңғыртады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы мен Шанхай қалалары, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың бірқатар өңірлері арасында бауырластық қарым-қатынас орнағанын қуаттады.

Мемлекет басшысы Қытай тарапының Орталық Азиямен ынтымақтастыққа арналған атаулы жылдар ұйымдастыру бастамасына қолдау білдіріп, келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл қадам елдеріміздің гуманитарлық ықпалдастығын жандандырады.

Қазақстан білім беру инфрақұрылымын жасақтауға және жаңа технопарктер ашуға белсенді түрде кірісті. Осы орайда Қытайдың алпауыт технологиялық компанияларының қатысуымен бірлескен зертханалар мен инженерлер академиясын іске қосуға бейіл. Президенттің пікірінше, кәсіби мамандардың жаңа буыны өңірдің цифрлық, «жасыл», индустриялық трансформациясына түрткі болатын қозғаушы күшке айналады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» форматының 2026-2030 жылдарға арналған ұзақмерзімді даму стратегиясын әзірлеу қажет деп санайды.

Президенттің пікірінше, бүгінгі Саммит елдеріміздің тату көршілік қатынасты, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты дамуға мүдделі екенін растады. Мемлекет басшысы жиын барысында айтылған ұсыныстар мәңгі достық пен стратегиялық серіктестікке берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ ортақ күш-жігер жұмылдырудың нәтижесінде «Орталық Азия – Қытай» форматын институттандыру ісі табысты жүзеге асқанын атап өтті.

Екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Форум қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінің Астана декларациясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды.

www.akorda.kz

АЛАКӨЛ ЖАҢА ТУРИСТІК МАУСЫМҒА ДАЙЫН

Биыл шомылу маусымына қарай жаңарған инфрақұрылымы бар, ыңғайлы көлігі қарастырылған, қауіпсіздік шаралары күшейтілген Алакөл туристерді қарсы алуға дайын.

Осы орайда назарларыңызға жаңа маусымның 10 басты игілігін ұсынамыз:

1. Үшарал қаласы бағытында әуе рейстерінің саны арты. Енді Алакөлге күн сайын Астана және Алматы қалаларынан «Алматы-Үшарал» және «Астана-Үшарал» бағыттары арқылы жетуге болады. Мемлекет тарапынан субсидияланған билеттер құны – небәрі 20 000 теңге. Әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңартудың арқасында Үшарал қаласында ірі әуе кемелерін қабылдауға жағдай жасалған.

2. Жазғы шомылу маусымына қарай қосымша пойыздар іске қосылды. Көлге 13 пойыз жүреді, оның ішінде Астана мен Алматыдан «Тальго» жүрдек пойызы да бар. Өскемен, Павлодар, Қызылорда, Семей және Ақтоғай бағыттары қосылды.

3. Ақши және Көктұма ауылдарына автобус маршруттары ұйымдастырылды. Алматыдағы «Сайран» және Талдықорғандағы автобекеттерден автобустар тұрақты жүреді. Билет құны – 5 000 теңгеден 9 000 теңгеге дейін.

4. Ақши ауылында дәрігерлік амбулатория, деріхана және тәулік бойы «Жедел» жәрдем жұмыс істейді. Облыс орталығынан хирургтар, кардиологтар, травматологтар және басқа да мамандар іссапарға жіберіледі.

5. Судағы қауіпсіздікті және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін биылғы шомылу маусымында Ақши ауылында тәулік бойы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару бөлімшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылады. 19 құтқарушы мен қосымша 28 полиция қызметкері жағалауда тәртіпті қамтамасыз етеді. Құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін 9 құтқару мұнарасы орнатылады.

6. Тыйым салынған жерлерде су көліктерінің бақылаусыз қозғалысы мәселесін реттеу мақсатында Жетісу облысында «Суды ортақ пайдалану»



ережесі бекітілді. Ережелердің сақталуын көліктік бақылау инспекциясы жүргізеді, бұл ретте инспекторлар саны ұлғайды. 3 су көлік тұрағы және құдық бұзушыларға арналған арнайы 1 айыппұл тұрағы болады.

7. Байланыс пен Интернеттің сапасын арттыру мақсатында жағалауда 16 базалық станция жұмыс істейді, 2024 жылы оптикалық-талшықты желі тартылды. Интернет байланысына туристік нысандар кезең-кезеңімен қосылады.

8. Сондай-ақ жағалаудың санитарлық инфрақұрылымын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылданды. Бүгінге дейін 11 санитарлық-гигиеналық торап қойылған, маусымның соңына дейін тағы 12-сі қойылады. Қосымша 60 қоқыс жәшігі қойылып, 20 биотуалет орнатылады.

9. Ақши ауылында көріз-тазарту құрылысы бастады, бұл – өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген маңызды қадам.

10. Электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жаңа «Ақши» қосалқы станциясының құрылысы жүргізілуде, биыл Бескөлден Ақшиге дейін жоғары вольтты электр беру желілерін салу жұмыстары аяқталады. Сондай-ақ, Көктұма және Ақши ауылдарында жағалауды нығайтудың ауқымды жұмыстары басталды.

Жетісу облысының Алакөл демалыс орны туризмнің ең танымал бағыты ретінде үнемі даму үстінде. Оған көлікпен бару мүмкіндігін кеңейту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жағалаудың экологиялық инфрақұрылымы мен заманға сай қолайлы жағдай жасау – қазақстандықтар мен шетелдік туристер үшін көл жағалауында демалуды жайлы ете түседі.

ЖАҒАЛАУҒА ЖАРЫҚ ПЕН СУ БЕРІЛЕ БАСТАЙДЫ

Балқаш көлі жағалауында демалушылардың игілігіне инженерлік желілер, яғни, электр жарығы мен тұрмыстық қажеттілікке арналған су осы маусымда беріле бастайды.

«Балқаш» туристік-рекреациялық демалыс аймағының инженерлік-коммуникациялық желілері құрылысының жобасы — Балқаш көлі жағалауын дамыту бағытындағы басты жобалардың бірі де бірегейі. Жобада электрмен және сумен қамту, көріз жүйелері, жағалау жиегіндегі автожол құрылысының жобасы қарастырылған.

— Бүгінгі таңда су құбыры салынып бітті. Қазір бастағанда су тазарту жұмыстары жүріп жатыр. Осы демалыс маусымында су беруді жоспарлап отырмыз. Сол сияқты электр бағандары қойылып, қуаты 110/35/10 кВ 1 қосалқы станция орнатылды, оған электр қуаты берілді. Электр қуатын берудің екінші кезеңінде ерқайсысының қуаты 10/0,4 кВ болатын 28 трансформаторлық қосалқы станция қойылады. Оған қоса жағалау бойында ұзындығы 9,3 км болатын автокөлік жолын салудың жер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы Балқаш жағалауына инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары 2024 жылы басталған, 2026 жылы бітуі тиіс еді. Жұмыс кестесінен озық келе жатқандықтан, мерзімінен бұрын бітіреміз деген ойдамыз, — деді Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев. Оның айтуынша, көріз құбырлары төселген, көріз тазарту құрылғысына тапсырыс беріліп, зауытта дайындалуда.

Жағалауда демалыс орындары құрылысының бейберекет жүргізілуінің алдын алу үшін қазіргі кезде «Балқаш» туристік-рекреациялық демалыс аймағының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы дайындалды. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржановтың сөзіне сүйенсек, бұл демалыс аймағының алаңы 1682,0 га болады. Барлық демалыс базаларының



жобалық кезеңдегі бір реттік ең үлкен сыйымдылығы – 23 мың орын, нөмірлердің болжамды саны 7100 бірлік болады деп күтілуде. Нөмір қорының санын есепке ала отырып, көлікке арналған 7200 орындық тегін тұрақ болады.

Және қарапайым халықтың жағалауда демалуына мүмкіндік жасау мақсатында қоғамдық жағажайлар да қарастырылмақ. Бұл туралы Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев айтып берді:

— Инженерлік инфрақұрылымы тартылған аймаққа бизнес өкілдері тартылып, демалыс аймақтары бәсекелестік ортада дамиды. Бұл ретте, ең алдымен халыққа ортақ қолданыстағы, тегін 6 қоғамдық жағажай жасалады. Мұнда медицина пункті, полиция пункті, құтқарушылық қызмет, ана мен бала бөлмесі сияқты барлық қажеттіліктер қарастырылады. Қоғамдық жағажайды күтіп ұстау аудан әкімдігінің жауаптылығына беріледі. Жағажай қызметі үшін коммуналдық мекеме құру, техника сатып алу жұмыстарына кірістік, — дейді Ғ. Маманбаев.

Қазіргі кезде көл жағалауында 52 мың адам демалса, жағалау қажетті инфрақұрылыммен қамтылып, даму жоспары іске асырылғаннан кейін мұнда маусымына 450 мыңнан астам адам демалады деп болжанды. Демалыс орындары мен мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріндегі қызметшілер саны туристердің болжамды санының шамамен 20% құрап, демалыс маусымында жұмыспен қамтылғандардың саны 4,5 мың адамға жетпек.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

БАЛҚАШ КӨЛІНЕ ДЕЙІНГІ ЖОЛ ЖАҢАРДЫ



Жетісу облысында Балқаш көліне дейінгі жол қайта жаңғыртудан кейін көлік қозғалысы үшін ашылды.

Балқаш көлі — Жетісу өңірінің туристік әлеуетін танытатын нысанның бірі. Еске салсақ, Балқаш көліне көлікпен бару жағдайын жақсарту үшін көлге апаратын жол екі учаскеге бөлініп, жаңғырту жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, ұзындығы 27 км «Лепсі – Балқаш көлі» жолы өткен жылы пайдалануға берілді. «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35-110 шақырымы бұған дейін жоспарланғанындай, жуырда жол асфальттың төменгі жабынымен көлік қозғалысы үшін ашылды.

— Қазір 40 км жолда асфальттың беткі қабатын төсеу жұмыстары қалды. Одан кейін абаттандыру жұмыстары атқарылады. Жол бойында 4 демалыс алаңы орнатылған, онда аялдама, санитарлық торап қарастырылған. Жол құрылысын жүргізген мердігер мекеме жол сапасына 5 жылға дейін кепілдік береді. Қандай да бір ескертпелер, ақаулар шығып жатса, өз күшімен ретке келтіреді. Қазір жол құрылысына 65 техника, жүзден астам адам тартылған. Аталған жолды толық пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған, — дейді Жетісу облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев.

Жол қатынасына қатысты тағы бір айта кетерлігі, жыл соңына дейін Лепсі ауылында заманауи жаңа темір жол вокзалын салу межеленген.

Осылайша жол инфрақұрылымын дамыту арқылы Балқаш көлі жағалауына көлікпен баруға қолайлы жағдай жасалып отыр.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

СПОРТ «J LEAGUE» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



Жетісу облысында спортты дамытуға бағытталған «J League» жобасы аясында жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары доп» турнирінің ақтық кезеңі өз мәресіне жетті.

Өр аудан мен қалада өткен іріктеу кезеңдерінде үздік шыққан командалар Талдықорған қаласында ұйымдастырылған ақтық кезеңде бақ сынады.

Айта кетсек, спорттық іс-шара аясында балаларға арнайы спорттық киімдер, жазғы лагерьге жолдамалар, жаттықтырушыларға қаржылай көмек, сондай-ақ доптар берілді.

ЖАРЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

► **2014-2015 жылғы жасөспірімдер:**

I орын IT №28 орта мектеп (Талдықорған қаласы);

II орын Баисов мектебі (Ескелді ауданы);

III орын №8 орта мектеп (Текелі қаласы).

► **2012-2013 жылғы жасөспірімдер:**

I орын Пенжім орта мектебі (Панфилов ауданы);

II орын №8 орта мектеп (Текелі қаласы);

III орын Үшарал орта мектебі (Алакөл ауданы).

► **2010-2011 жылғы жасөспірімдер:**

I орын «Жетісу» командасы (Ескелді ауданы);

II орын Алғабас ауылы (Көксу ауданы);

III орын Күреңбел командасы (Кербұлақ ауданы).

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІМЕН

23
маусым

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызмет – халықтың әл-ауқаты мен елдің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі аса жауапты әрі абыройлы міндет. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Бұл салада еңбек ету-үлкен жауапкершілікпен қатар, биік моральдық және кәсіби талаптарға сай болуды қажет етеді.

Құрметті мемлекеттік қызметшілер! Қаламыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! Отанымыздың өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын! Халық сеніміне лайықты, ел игілігіне бағытталған еңбектеріңіз жана берсін!

Мереке құтты болсын!

Ернат БӘЗІЛ, Талдықорған қаласының әкімі

Құрметті полиция қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – қазақстандық полицияны құруға елеулі үлес қосқан ардагерлер мен бүгінгі таңда ел тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін тынымсыз қызмет етіп жүрген тәртіп сақшыларын ұлықтайтын ерекше күн. Сіздердің қайсарлықтарыңыз бен жанкешті еңбектеріңіз әрдайым халықтың шынайы алғысына лайық.

Бүгінде қаламыздың полиция қызметкерлері өздеріне жүктелген зор жауапкершілікті абыроймен атқарып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде. Бұл бағыттағы жұмыстарыңыз бұдан әрі де табысты әрі жүйелі жалғасын табарына сенімдімін.

Мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, Отанға қызмет ету жолындағы қажырлы еңбектеріңізге табыс, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

МӘДЕНИЕТ

ҰЛТТЫҚ КИНО ОНКҮНДІГІ



Көрсетілімге Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанұлы, медиаменеджер Нұржан Жалауқызы, фильм режиссері Қанағат Мұстафин, басты рөлді сомдаған актер Диас Төлепберген, мәдениет саласының қызметкерлері, шығармашылық зиялы қауым мен БАҚ өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Қанағат Мұстафин тарихи фильм сценарийіне 2012 жылы кірісіп, тақырыпты 10 жылдай уақыт зерттеген. Туындының мақсаты – Қажымұқанның өмірімен өскелең ұрпақты таныстыру, оның жетістіктерін ұлықтау және үлгі алу. Фильмде қазақ балуанының өмірбаянындағы ең жарқын оқиғалар туралы айтылады. Режиссер Қ.Мұстафин «2019 жылы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы ашылып, мен алғашқы питчингке қатысып, грант жеңіп алдым. Бұл мен үшін үлкен мүмкіндік болды. Содан бері жоба нақты қарқынмен дами бастады. Қазіргі

уақытта экранға шыққан нұсқасы – коммерциялық версия деуге болады. Ал алдағы 1-2 жылдың ішінде «Қажымұқан» туралы толық режиссерлік версияны шығаруды жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті. Айта кетейік, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының негізгі миссиясы – кинематография саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және отандық киноиндустрияны дамыту үшін жағдай жасау. Мемлекеттік қаржыландыруды ұсынатын бірыңғай оператор ретіндегі ҰҚҚМО қызметі ұлттық фильмдерді шығару мен ілгерілетуді қолдауға, кинопрокатты дамытуға және елдегі кинотеатрлар санын арттыруға бағытталған. Мемлекеттік қолдау нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 117 отандық фильм көрерменге жол тартты. Оның ішінде 72 көркем фильм, 37 деректі фильм және 8 анимациялық туынды бар.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ СУАРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қаланың жасыл желектерін суару жұмыстарының барысын арнайы аралап көрді.

Ауа температурасының +30°C-тан жоғары болуына байланысты облыс орталығында көгалдарды, гүлзарлар мен ағаштарды жүйелі суару басты назарда. Қала аумағындағы жасыл желектерді сақтау және күтіп ұстау мақсатында суару жұмыстары күн сайын таңертең және түнгі уақытта екі мәрте жүргізілуде.

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті тыл басқармасының іс-жүргізушісі Татьяна Шоповалова – сәналы ғұмырын әскери қызметке арнаған, кәсіби жолы жас буынға үлгі боларлық жан.

1994 жылы әскери қызметке шақырылып, алғашында байланыс то-рабында телефоншы қызметінен бастаған. 1997 жылдан бастап Шекара қызметінің түрлі бөлімдерінде абыройлы еңбек етті. Авиаиялық эска-дрильядан бастап, тыл қызметінің маңызды буындары – киім-кешекпен қамтамасыз ету, монша-кір жуу қызметінің бастығы, ақпараттық қауіпсіздік салаларында да мінсіз қызметімен ерекшеленді.

Зейнетке шыққаннан кейін де әскери ортадан қол үзбей, департаменттің тыл басқармасында іс-жүргізуші ретінде еңбек етуде. Өз ісіне деген жауапкершілігі мен ұжымдағы сый-құрметі – оның кәсіби биігін көрсетеді.

Татьяна Михайловнаның еңбек жолы – адалдықтың, табандылықтың және шынайы патриотизмнің жарқын үлгісі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ
БОЛАШАҚ

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылу-да. Әсересе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген орта-да пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танутымыз қажет. Сы-байлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес ар-найы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес жа-сап жатқан барша ұйым, мекеме, т.б жұмысына жаңа серпін беру қажет. Жемқорлықпен күрестегі бейқамдық пен әрекетсіздік халық наразылығын тудырушы маңызды факторлар болып табыла-ды. Сонымен, сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қана қоймай, қоғамға мүлде пайда әкелмейтінін естен шығармағанымыз абзал.

Абылхан Берік Нұрланұлы,
Талдықорған қаласы бойынша Әдеп
жөніндегі уәкілі

ҚАЛА ТЫНЫСЫ МЕКТЕП МЕНТОРЛАРЫ ӘКІММЕН КЕЗДЕСТІ

Салтанат сарайында Талдықорған қаласының әкімі Бәзіл Ернат Дүйсенбекұлы Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі менторлармен кездесті.



Кездесу барысында 2024-2025 оқу жылында менторлармен бірлесіп атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы міндеттер мен жоспарлар талқыланды. Еркін форматта өткен жиында менторлар өз ұсыныстары мен мектептегі өзекті мәселелерді ортаға салып, ұсыныстар да айтылды.

Қала басшысы Ернат Бәзіл айтылған ұсыныстарды қолдайтынын білдіріп, алдағы оқу жылын тың серпінмен бастауға тілектестік білдірді.

«Өздеріңізге белгілі, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың бастамасымен 2023 жылы «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобасы жүзеге асырылған еді. Қазіргі таңда облыс бойынша 120, ал Талдықорған қаласы бойынша 31 ментор жұмыс істейді. Олар 9 бағыт бойынша арнайы әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуде. Бұл жоба жастар тәрбиесінде оң нәтижесін көрсетеді деп сенемін. Кез келген елдің ең үлкен байлығы – адами капитал, яғни сіздер – ел болашағын тәрбиелеп келесіздер. Сондықтан мемлекет тарапынан жас ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін барлық жағдай жасалуда. Қатаң бәсекелестік жағдайында ілгерілеуге, біртіндеп жетістікке жетуіңізге көмектесетін, ол ең алдымен – білім. Қолға алынған әдеп-құқықтық тәрбие жұмысы жөніндегі менторлық жоба суицид, буллинг және кибербуллинг, лудомания, интернет-алақтық, нашақорлық сияқты мәселелер белең алған қазіргі ақпараттық әлемде, ең бірінші, балаларды қорғауға бағытталған. Бұл ретте сіздердің тәлім ретінде балалармен өзара түсіністікте болуларыңыз біз үшін өте маңызды», – деді қала әкімі.

Қолға алынған бұл «Әдеп-құқықтық тәрбие жөніндегі ментор» жобасының негізгі мақсаты – оқушылардың жеке дамуы мен оларды әлеуметтендіруді менторлық сүйемелдеу арқылы өңірде бірыңғай тәрбие кеңістігін қалыптастыру. Бүгінгі заманғы өзектілігін ескере отырып, жобалық кеңсе жұмысының негізгі бағыттарына балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, нашақорлықтың, лудоманияның, суицидтің, буллингтің, кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу, жыныстық қол сұғылмаушылықты қалыптастыру (ерте жүктіліктің алдын алу), салауатты өмір салтын насихаттау, мамандық таңдау және кәсіптік бағдар беру, сондай-ақ шығармашылық ойлауды және қаржылық сауаттылықты арттыру тақырыптары таңдалып алынған. Жобаны іске асыру басталғаннан бері оқушыларға түрлі өзекті тақырыптар бойынша 221 кездесу өткізіліп, оған саясаткерлер, депутаттар, құқық қорғау саласы қызметкерлері, кәсіпкерлер қатысып, лекция оқылған. Тағылымды кездесуге 18 мыңдай оқушы қатысыпты. Кәсіби біліктілігін арттыру курстарынан 55 адам өтіпті. Осы жылы 21 мектепте 62 оқиға орын алды. 3681 жеке кеңестер беріліп, қаржылық сауаттылық, зорлық-зомбылық, лудомания, буллинг және кибербуллинг, құқық бұзушылық бойынша профилактикалық кездесулер, түрлі шаралар үзбей өткізіліп келеді. Есепте тұрған 102 баламен жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, кездесуде Жетісу облысының Азаматтық Альянсы президенті, облыстық ата-аналар комитетінің төрайымы Дания Қыдырбаева «бала иілген ағаш тәрізді, қалай бағыттасаң солай өседі, сондықтан да ұрпақ тәрбиесінде қателікке жол жоқ» деген ойын білдірді.

Кездесу соңында менторлардың жұмыстары сараланды. Үздік менторлар қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Данагүл ӨНУАРБЕКҚЫЗЫ

ТАЛАПКЕР-2025 45 МЕКТЕП ТҮЛЕГІ «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРІ АТАНДЫ

18 маусымда Талдықорған қаласының барлық білім ордаларында мектеп бітіру салтанаты өткізілді. Айта кетейік, биыл қала бойынша 35 мыңнан астам оқушы білім алса, оның ішінде 1446-сы мектеп бітіруші түлек. Соның ішінде 45 оқушы «Алтын белгі» иегері, ал 68 түлек үздік аттестат иесі атанды. Сонымен қатар, 2024–2025 оқу жылында 3720 бүлдіршін алғаш мектеп табалдырығын аттаған болатын.

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Ш.Уәлиханов атындағы №10 мектеп-гимназиясында өткен салтанатты шараға қатысып, жас түлектерді құттықтап, жаңа өмір жолына сәттілік тіледі.

«Сіздер еліміздің ертеңі, қаламыздың болашағысыздар. Әрқайсыңыздың арманы биік, алға қойған мақсатыңыз айқын. Сол мақсаттарға жету жолында табандылық пен ізденіс тілеймін. Білім баға жетпес қазына, оны ешкім тартып алмайды. Жас түлек ретінде өз жолыңызды дұрыс таңдап, еліңізге, туған жеріңізге пайда әкелетін азамат болуларыңызға тілектеспін», – деп қала әкімі жүрекжарды тілегін білдірді.

Мамандық таңдау сәті де келіп жетті. Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы түлектер үшін өте маңызды. Мектеп бітірушілерге ақ жол тілеген ұстаздар мен ата-аналар қауымы көп болды. Сәт сапар, жас түлек!

Өз тілшіміз

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ – АЗАМАТТАРДЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫ

Қазақстан Республикасының полициясы күні қарсаңында Талдықорған қаласы Полиция басқармасының бастығы, полковник Ширбаев Ернар Мырзахметұлымен сұқбаттастық.

Ширбаев Ернар Мырзахметұлы 1987 жылы 4-ші қаңтарда дүниеге келген. Туған жері – Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы.

ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясын 2008 жылы бітіріп, сол жылы Талдықорған қаласы ішкі істер басқармасының криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі лауазымынан бастаған. Бірнеше жыл орта және басшы лауазымдарда жемісті қызмет атқарған. 2023 жылдың 29 қарашасынан бастап Талдықорған қаласы ПБ бастығы лауазымында еңбек етіп келеді.

– Ернар Мырзахметұлы, Талдықорған қаласы Полиция басқармасында қанша қызметкер бар? Бүгінде қосымша қандай бөлімдер ашылып, қызмет көрсетіп келеді?

– Талдықорған қаласы Полиция басқармасында 400-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Қосымша жергілікті полиция қызметі бөлімі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесі және интернет алаяқтық көбейіп тергеу бөлімінде арнайы киберқылмыстарды тергеу бөлімшесі ашылып қарқынды жұмыс атқару үстінде.

– Қазіргі таңда көп орын алатын қылмыс түрлері, олардың ашылуы қандай?

– Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша, Талдықорған қаласының аумағында жалпы қылмыстардың тіркелу саны 20,5-пайызға, яғни 635-



тен 505-ке төмендеді. Барлық тіркелген қылмыстардың ашылу көрсеткіші былтырғы жылы 53,0-пайызды құраса, биыл 71,1-пайызға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда біршамаға жақсарды деген сөз.

Барлық тіркелген адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау, тонау, бұзақылық, автокөлікті заңсыз иелену деректері бойынша қылмыстың ашылуы 100 пайызды құрап отыр.

– Интернет алаяқтықтың қандай түрі өршіп тұр? Нендей алдын алу шаралары жүргізіліп жатыр?

– Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша интернет-алақтықтың - 95 дерегі тіркелген, оның ішінде ауыр санаттағы – 7 дерек тіркелді. Жалпы ашылу көрсеткіші қазіргі таңда 47,6-пайызға жақсарған. Интернет-алақтықтың жасалу жолдарына талдау жүргізу нәтижесінде олардың мына амалдар арқылы жасалғаны анықталды. Атап айтсам, банк қызметкерлері атынан қоңырау шалу, интернет желілеріндегі жарнамалар арқылы төлем жасау, кредит немесе онлайн несиерәсімдеу, инвестициялық жобаларға, қаржылық пирамидаларға қаражат салу тағы басқа да түрлері арқылы жасалынған.

Осы қылмыс түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, оған қарсы күрестегі ең тиімді әдіс – алдын алу жұмыстары болып табылады.

ҚР ІІМ-нің 2024-2026 жылдарға арналған «киберқылмыстарға, соның ішінде телефон және интернет-алақтыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы» аясында криминалдық полиция бөлімі мен жергілікті полиция қызметі бөлімінің қызметкерлері бірлесіп тұрақты түрде алдын алу шараларын өткізуде.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми «Инстаграм» парақшаларында алаяқтықтың түрлері, олардың алдын алу тәсілдері туралы үндеулер мен алдын алу сипатындағы материалдар жариялануда.

Бұл іс-шаралар күнделікті патрульдік автокөліктер мен адамдар көп жиналатын жерлерде алаяқтық деректері мен алдын алу тәсілдер туралы хабарламалар тарату арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, уәскелік полиция инспекторлары өздерінің әкімшілік аймақтарында тұрғындар арасында брошюралар таратып, КСК чаттарында алдын алу сипатындағы бейнероликтер жариялайды.

Қала аумағында орналасқан 12 колледж бен 34 орта мектепте интернет-алақтық туралы, оларды жасаудың тәсілдері мен алдын алу әдістері туралы дәрістер өткізілді. Студенттер мен оқушыларға осы қылмыс түрін жасағаны үшін жауапкершілік түсіндірілді. Директорларға алдын алу бейнероликтері жіберіліп, олар бұл роликтерді барлық ұжымдық және ата-аналар чаттарында таратты.



Алдын алу шаралары қаланың медициналық мекемелерін де қамтиды. Облыстық аурухана, Жедел-жәрдем 103, Перзентхана, Көпсалалы аурухана және Қалалық емханада медициналық персонал мен және келушілермен алдын алу сипатындағы әңгімелер өткізілді.

Бүгінгі күні әскери бөлімдердің жеке құрамы және зауыт қызметкерлерімен кездесулер өткізу жоспарланған.

«Сити плюс», «Атамекен» кинотеатрларында фильм сеанстары басталғанға дейін алдын алу сипатындағы бейнероликтер көрсету жұмысы қайта басталды.

Ірі сауда үйлерінде – «Шаған», «Еуразия», «Көк-Базар», «ЦУМ», «Магnum», «Сити плюс», «Даулет», «Коммуналдық базар», «Астана», «Алматы» – алдын алу сипатындағы хабарламалар дауыс зорайтқыш арқылы жарияланып, баннерлер орнату жоспарлануда.

Ағымдағы жылдың басынан бастап қала тұрғындары арасында 7000-нан астам брошюралар мен жадынамалар таратылды. БАҚ-да басқарма басшылығының 11 үндеуі және алдын алу сипатындағы 120 жарияланым орналастырылды.

– Қоғамдық орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары, шаралары?

– Талдықорған қаласы полиция басқармасы қоғамдық орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кешенді шараларды жүзеге асыруда. Яғни, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ҚР Ұлттық ұланының 5514 әскери бөлімінің 180 әскери қызметкері мен Талдықорған ҚПБ қызметкерлері бірлесіп патрульдеу жүргізуде. Бұл шаралар қаланың тыныштығын сақтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қала аумағында бейнебақылау камералары орнатылған. Бұл жүйе қылмыстарды анықтауға және олардың алдын алуға көмектеседі.

Қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау үшін полиция қызметкерлері тұрақты түрде патрульдеу жүргізеді. Бұл шаралар қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.

Талдықорған қаласы полиция басқармасының қызметкерлері тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түрлі іс-шаралар өткізуде. Бұл шаралар халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Талдықорған қаласы полиция басқармасының атқарған жұмыстары қоғамдық орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралардан тұрады. Бұл шаралар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға көмектеседі.

– Мереке қарсаңында әріптестеріңізге қандай тілек арнайсыз?

– Құрметті полиция қызметкерлері! Сіздерді «23 маусым – Қазақстан полициясы күні» мерекесімен құттықтаймын. Қоғамдық тәртіпті қалыптастыру, ел тыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Әрдайым антарыңызға адал болып, ел қорғаны деген атаққа абыройлы қызмет ете беріңіздер! Еліміз тыныш, халқымыз аман, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

– Сұқбатыңызға үлкен рақмет! Ел тыныштығы жолындағы еңбектеріңіз елене берсін!

Динара АУЖАНОВА

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

Жеңіс Саятбекұлы, бүгінгі белесті бағындыруға дейінгі жол қандай болды?

– Мемлекеттік қызмет жолы – жауапкершілікке толы сапар. «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу». Мен мемлекеттік қызметте 15 жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Бұл жол – әрқилы, күрделі әрі тағылымды. Кейде жеңіске жетіп, жетістіктерге қуанасың, кейде қиындықтарға тап болып, күйзеліске де, ашуға да бой алдырған сәттер болады. Дегенмен осының барлығы адамды шыңдайтын, мінезі мен болмысын қалыптастыратын маңызды өмір мектебі. Мемлекеттік қызмет ешқашан жеңіл болған емес, әрі бола да қоймас. Себебі, бұл – халыққа қызмет ету жолы. Халықтың сенімін арқалап, оның мүддесі үшін еңбек ету үлкен жауапкершілік пен жанкештілікті талап етеді. Сондықтан мен үшін мемлекеттік қызмет – жай ғана жұмыс емес, ол – өмірлік ұстаным мен борыш. Бұл салада жүріп, адам кәсіби тұрғыдан ғана емес, адами тұрғыдан да өседі. Әр күн - жаңа сабақ, әр шешім – халықтың игілігі үшін. «Ұлық болсаң — кішік бол» деген халқымыздың даналық тұжырымын, өз заманының білікті саясаткері болған Д.Қонаевтың «Мен қанша биікке көтерілсем де халықтан төмен екенімді ұмытқаным жоқ» деген тағылымын басты назарда ұстанып еңбек етіп келемін.

Мемлекеттік қызметке алғаш келген кезіңіздегі мақсаттарыңыз орындалды ма?

– Адам белгілі бір жетістікке қажырлы қарымы мен алға ұмтылуға деген құлшынысының нәтижесінде қол жеткізеді. Сонау замандардағы тұлғалардың өмір жолына зер салсаңыз барлығының дерлік қарапайым қызмет етіп, шыңдалғанын аңғаруға болады. Яғни, алғашқы баспалдақ асқан төзімділікті талап етеді, алайда оның жемісі тәтті болады. Адам қандай кезеңде де өзінің еңбегімен қадірлі. Иә, бүгінде 2008 жылы алғаш рет мемлекеттік қызметке қадам басқан сәттен бері жүріп өткен жолыма қарап, жеткен жетістіктеріме белгілі бір дәрежеде қанағат тұтамын. Алайда, бұны жетер биігім осы деп есептеуге болмайды. Алда әлі де жүзеге асатын мақсаттар мен мұраттар бар. Мансап жолында да, тұлғалық даму бағытында да айқын белестер белгіленген. Сондықтан адам өзін үнемі жетілдіріп отыруы қажет деп есептеймін. Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін тек кәсіби шеберлік ғана емес, сонымен қатар адами, азаматтық қасиеттерді де дамыту маңызды. Бұл – үздіксіз даму мен өзін-өзі тануға негізделген күрделі, бірақ қажетті үдеріс.

Мемлекеттік қызметтегі ең үлкен жетістігіңіз?

– Жалпы, мен үшін мемлекеттік қызметтегі ең үлкен жетістік алға қойған биік мақсатқа қол жеткізу. Бұл – өзіме жүктеген маңызды міндет. Дегенмен, қазіргі таңда сол межеге толық жеттім деп есептемеймін. Бұған дейінгі сұхбат барысында айтып өткенімдей, мемлекеттік қызметте бір орында тоқтап қалу мүмкін емес. Өйткені бұл салада қызмет ету үнемі даму мен ізденісті қажет етеді. Заман ағымы, экономиканың өзгерісі, әлемдік үрдістер барлығы мемлекеттік

ӘР ӘРЕКЕТ – ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әрбір саланың жетістігі, елдің даму деңгейі сауатты да кәсіби басқарушылыққа тікелей байланысты. Бұл ретте әрбір қызметшінің отаншыл, адал болуы және өз ісіне жауапкершілікпен қарауы өте маңызды. Бұл қызметтің негізінде тек заң аясындағы міндеттерді орындау ғана емес, елдің аманатын арқалап, халықтың сеніміне селкеу түсірмей еңбек ету жатыр. Олар билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір. Сол себепті бұл салада еңбек ету – тек кәсіби таңдау емес, ол – адамгершілік пен азаматтықтың айқын көрінісі. Бұл жолдағы әрбір шешім, әрбір әрекет тек жеке жауапкершілікті ғана емес, тұтас қоғам алдындағы міндетті айқындайды. Ел тағдырына өз тағдырындай қарайтын азаматтың бірі – Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков. Ол үшін әр күн – жаңа тәжірибе, әр тапсырма – сенім сынағы, ал, әрбір жетістік – халықтың игілігіне бағытталған шынайы қызметтің жемісі.

да жақсарды. Көптеген кәсіпорындар іске қосылып, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Яғни, мұның барлығы тек халық игілігі үшін жасалып жатқан игі бастамалар деп білеміз. Жетісу жеріне жасаған жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өңірдің әлеуеті зор, даму қарқыны жақсы...» деп жоғары бағасын берген болатын. Бұдан атқарылып жатқан жұмыстар өз нәтижесін көрсетіп отырғандығын аңғаруға болады. Ал, өзін жетекшілік етіп отырған



мәдени тынысын жаңаша серпінмен толықтыратынына сенімдіміз.

Көпшілік сізді қала әкімінің орынбасары ретінде біледі. Перзент, жар, әке ретіндегі рөл, отбасылық құндылықтарыңызға тоқталып өтсеңіз.

– Берекелі әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі. Отбасы институтын нығайту, ана мен әкенің мәртебесін көтеру, отбасылық құндылықтарды дамыту, әулеттегі жақындықтың, құрмет-ықыластың берік орнауына және отбасындағы береке-бірліктің артуына ықпал етуді көздеу кез келген шағын мемлекет тұрғындарының мақсұт-міндеті деп білемін. Бүгінде үш баланы тәрбиелеп отырған қарапайым отбасымыз. Екі қызым және бір ұлым бар. Олардың аты шауып, бөйге алғанда, һәм аяғы сүрініп, тасқа құлағанда жандарынан табылып, қолдау көрсете алсам, әкелік махаббатты, жылуды өн бойларына бар дүниеге жететіндей тарата білсем екен деймін. Бұл «Солай болуға тиіс» деген шарасыздықтан емес, шексіз махаббатпен жасалатын қадам. Баланың балалық шағы - оның өмірлік бағдары. Өрнәрсө ең қажет кезінде болғанда әдемі. «Жұрттың сөзіндегі емес, балалардың көзіндегі адам маңызды» екені ерқашан жадымда. Сонымен қатар қолымда пайым-парасаты, көрегенділігі мол зейнет жасындағы анам бар. Өмір көкпар болғанда тартыса білуді, қиындыққа жасымауға, бақ қонса тасымауға тәрбиелеген жан. Ақ батасы сауыт, ақ тілегі қорған, ақ ниеті орман болған асыл адаммен бірге ғұмыр кешу үлкен жауапкершілік әрі мәртебе. Өйткені отбасылық құндылықтардың негізі – ата мен әже екенін бала кезден бойыма сіңіріп өстім. Өзім де ата-апамның қолында тәрбиеленгендіктен, анама ерекше көңіл бөліп, ақ сүтін ақтау басты парызым деп білемін. Отбасы – тек бірге тұратын адамдар ғана емес, ол – бір-біріне тірек, рухани жақындық пен сыйластық ордасы. Сол себепті туған-туыстардың барлығына тең қарап, жанұямыздың ұйытқысы, тірегі, ер азаматы болу – менің өмірлік ұстанымым әрі басты мақсатым.

Ағымдағы жылы жыл қорытындысына сәйкес мемлекеттік қызметшілер арасында үздік атанып, «Адал қызметі мен еңбегі үшін» марапатына ие болдыңыз. Осы орайда салаға қызығушылық танытып жүрген жас мемлекеттік қызметшілерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Жалпы, мемлекеттік қызмет оңай жол емес. Бұл – үлкен жауапкершілік пен тұрақты өзін-өзі дамыту талап етілетін сала. Сол себепті менің жас қызметшілерге берер кеңесім бұл жолды таңдаған сәттен бастап әр адам психологиялық әрі адами тұрғыдан толық дайын болуы қажет. Қазіргі уақытта Өдеп кодексі – мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы мен қызмет этикасын айқындайтын маңызды құжат. Осы кодексте көрсетілген негізгі қағидалар әрбір жас маман үшін жол көрсеткіш болуға тиіс. Мемлекеттік қызметке қадам басқан әрбір азамат: адал ниетті болуы, әділ шешім қабылдай білуі, ашықтық пен жариялылық принциптерін ұстануы керек. Егер осы қағидаларды берік ұстанып, қызметіне шынайы жауапкершілікпен қарайтын болса, болашақта жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, беделді мансапқа жететініне мен кәміл сенемін.



қызметкерден жаңашылдық пен бейімделуді талап етеді. Сол себепті, өз саламда үздіксіз дамуға, кәсіби және тұлғалық тұрғыда өсуге ұмтылу – мен үшін басты қағида.

Қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру бағытында қандай нақты жұмыстар атқарылуда?

– Шаһарымыз мемлекетіміздің жасампаз саясаты аясында, жан-жақты қолдауы және еңбек ұжымдарының қажырлы еңбегімен күннен-күнге жаңарып, жайнап келеді. Әлеуметтік маңыздағы нысандар да қаланың ажарын одан әрі ашып, тұрғындардың игілігіне берілуде. Сондай-ақ, қаланың дамуымен қатар халықтың тұрмыс жағдайы

сала бойынша айтар болсам, биылғы жаз ерекше форматтағы шараларға толы. Өткен жылмен салыстырғанда жазды жаңа әрі ерекше ұйымдастырып, бірқатар ауқымды іс-шаралар өткізудеміз. Атап айтқанда, «Жа-стар» саябағы мен Орталық алаңнан бөлек, қалалық жағажайда «Business Fest-2025» фестивалі жоғары деңгейде өтті. Сондай-ақ, «Summer TDK-2025» аясында өткізілген «Жаздың қуаты» атты бағдарламалық іс-шарамыз да халық көңілінен шығып, ерекше қызығушылық тудырды. Алдағы уақытта да осындай мазмұнды, кең ауқымды әрі есте қаларлық тың жобалар жоспарланып отыр. Бұл шаралар қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, қаламыздың

Қысқа нұсқа

– Бала Жеңістің бүгінгі Жеңіске көңілі тола ма?

– Бұл сұраққа жауап беру оңай емес, өйткені әр адам өз өмірінің жарқын, мазмұнды әрі табысты болғанын қалайды. Мен де солардың қатарынанмын. Осы себепті де үнемі өз-өзімді дамытуға ұмтылып келемін. Бұл – бір күнде аяқталатын жол емес, үздіксіз еңбекті, ішкі тәртіп пен тұрақты ізденісті қажет ететін үдеріс. Өзгеріп жатқан заман талабына сай кәсіби де, адами тұрғыдан да өсіп отыру – мен үшін басты қағида.

– Өмірлік ұстанымыңыз?

– Өмірлік ұстанымым – елге адал қызмет ету. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген халық даналығын өмірлік бағдарым деп санаймын.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда мәнді өмір сүріп, адалдықпен, адамгершілікпен әрекет етіп, айналама пайдасын тигізе білетін жан болуға ұмтыламын. Артыман ізгі сөз қалдыру – мен үшін үлкен мәртебе.

– Тарихта кездесіп көргіңіз келетін тұлға?

– Тарихта кездескім келетін тұлға – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Негізгі арманым өкінішке орай, орындал-мас арман. Ол кісі халқына сіңірген еңбегімен, парасаттылығымен және адамгершілік келбетімен тарихта өшпес із қалдырған тұлға. Бұл арманымның тууына белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің «Лодка переплываю-щая океан» атты тарихи романы себеп бол-ды. Оның шығармалары арқылы мен еліміздің тарихы мен Қонаевтың ел басқарудағы рөлін тереңірек танып-білдім. Сол себепті Димаш Ахметұлымен бір мезет болса да сұхбаттасып, ой бөлісу жүрек түкпірімде жатқан үлкен армандарымның бірі еді.

– Қалада қай орын сізге ерекше ұнайды?

– Қалада ерекше ұнайтын орын – Орталық алаң. Бұл орын қаланың дәл жүрегінде орналасқан, тоғыз жолдың торабында тұрған символдық маңызы бар мекен. Орталық алаңда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді және мен сол шараларға қатысушы ретінде талай рет атса-лыстым. Сол сәттердің бәрі мен үшін естен кетпес әсерлі естеліктерге толы.

– Қалада қандай өзгерісті көргіңіз келеді?

– Қаламыздың өсіп-өркендегенін, дамыған заманауи мегаполиске айналғанын қалаймын. Қазіргі таңда халық саны шамамен 200 мың адамды құрайды. Болашақта бұл көрсеткіш 500 мыңға дейін ұлғайып, қаламыз Алматы мен Шымкент сияқты республикалық маңызы бар ірі шаһарға айналса деген үлкен үміт бар.

– Өзіңіз туралы бір қызық факт?

– Өмірде қызықты сәттер өте көп. Әсіресе балалық шақ – естен кетпес, қызыққа толы кезең. Сол жылдардың бейқам күлкісі, шынайы қуанышы мен ойын баласының қамсыз сәттері әрдайым жүрек төрінде сақталады. Әрбір оқиға – өзіңше ерекше. Сондықтан олардың арасынан нақты бір сәтті бөліп айту оңай емес.

– Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

– Бос уақытымды ең алдымен денсаулығымға және отбасыммен уақыт өткізуге арнағанды ұнатамын. Шамам жеткенше велосипедпен серуендеп, футбол ойнағанды, жалпы спортпен шұғылданғанды жақсы көремін. Өйткені менің бірінші мамандығым спорт саласы, жас кезімде бокс-пен кәсіби деңгейде айналысқанмын. Қазіргі таңда әке ретінде бос уақытымның басым бөлігін балаларыма тәрбие көрсетуге, оларға үлгі болуға арнаймын, бала – ата-ананың айнасы. Сондықтан олар үшін дұрыс бағыт көрсетіп, өмірлік құндылықтарды бойына сіңіруге тырысамын.

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА ПРОБАЦИЯ – ЖАЗА БАСҚАНДАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

Жыл сайын 24 маусымда «Сот және сот қызметкерінің күні» атап өтіліп келеді. Осы күн, яғни, 1992 жылдың 24 маусымында Заң қабылданып, тәуелсіздік алғаннан кейін «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» Заңға алғашқы түзетулер енгізілді. Сол заң қабылданған күннен бастап 33 жыл ішінде сот жүйесі реформалар мен жаңғыртудың кезеңінен өтті. Біз



Алматы және Жетісу облыстары бойынша ҚАЖД Талдықорған қалалық пробациялық қызметі бөлімінің бастығы, әділет майоры Шыныбеков Еркін Бекенұлы өз қызметтері турасында қойылған сұрақтарға жауап берген еді.

– Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің алқа мәжілісінде жазасын өтеп жатқандардың негізгі құқықтарын сақтау маңызды екенін атап өтті. Әрине, Пробация қызметі оңай іс емес. Кез келген адамның түрмеде өткен өмірі оның болашағына кедергі болмауы тиіс. Жалпы, біздегі әрбір түзету мекемелері жазасын өтеуші әр азаматқа әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін жеке бағдарлама жасайды. Онда нақты көмек түрлері көрсетіледі. Тәрбие жұмысымен қатар, оның құқықтары мен міндеттемелері түсіндіріліп, бостандыққа шыққаннан кейін қайда тұратыны, қайда жұмыс істейтіні, туыстарымен қарым-қатынасы, сондай-ақ, әлеуметтік қажеттіліктері сұралады. Қызметкерлер пробациялық бақылау есебін жүргізіп, сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін және олар орындалмаған жағдайда туындайтын салдарды түсіндіру жұмыстарын тиянақты жүргізіп келеміз. Бұл ретте, Пробация қызметінің мақсаты – құдіктің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу; сотталған адамды әлеуметке қосу, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінен босатылған адамды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады. Негізгі жұмыстары Конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Жалпы алғанда, Алматы және Жетісу облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Талдықорған қалалық пробация қызметі бөлімінің 2025 жылдың 5 айындағы есептік көрсеткішке сәйкес, Талдықорған қаласы бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түріне сотталған 407 адам (2024 жылы-370) пробация қызметінің есебінен өтті. Сондай-ақ, облыстық, қала, аудандық соттардан 78 (2024 жылы -57) сотталғанға қатысты үкім орындауға түсті. Жыл басынан-67 (2024ж.-72) сотталған пробация қызметінің есебінен шешілген.

Қазіргі таңда, Талдықорған қаласы пробация қызметінің есебінде 2025 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша саны – 340 (2024 жылы -298) сотталғандар есебінде тұр. Оның ішінде 242-сі бас бостандығынан шектеу жазасына сотталғандар, 3-еуі көмелеттік жасқа толмағандар, 63-і шартты түрде жаза алғандар, 12 әйелдің жаза мерзімі кейінге қалдырылған болып есептеледі. 3 адам қоғамдық жұмысқа тартылса, 20 адам белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру санатында.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың қыркүйек айына дейін Талдықорған қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы 3 сотталғанға қатысты қысқа мерзімді 3 айлық кәсіби оқыту курстары ұйымдастырылуда. Аталған курстар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша ашылады. Электр монтер, жиһаз жинаушы, тігінші, шаштараз бойынша қысқа мерзімді курстардан өтуде.

Айтар болсақ, жыл басынан бері Талдықорған қаласының өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығына, есепте тұрған тұрғылықты жері жок мұқтаж екі сотталған азамат жатқызылды. Сонымен қатар, алкогольдік ішімдікке және есірткі заттарға тәуелді 8 сотталған адамды наркологиялық диспансерге жатқызып, арнайы медициналық жолмен бірнеше кезеңнен тұратын емдеу жұмыстары жүргізілді.

Сот үкімі бойынша тағайындалған жазаны өтеу тәртібімен міндеттерін орындамай, пробациялық бақылаудан жасырынған 21 сотталғанға қатысты іс-құжаттары қалалық сотқа жолданып сот қаулысымен сотталғанның сот үкіміне сәйкес жаза түрі өзгертіліп бас бостандығынан айыру орындарына жіберілді, 3 сотталғанға бас тартылды, қалған 15 сотталғанның құжаттары қаралуда.

Талдықорған қалалық прокуратура қызметкерлерімен және жергілікті уәкелілік полиция инспекторларымен бірлесіп мобильді топ құрылып, 7 рет түнгі уақыттарда сотталғандардың тұрғылықты мекенжайлары бойынша, ойын-сауық орындары тексеріліп, 12 сотталғанға қатысты жаза өтеу тәртібін бұзғандары анықталып, жаз-баша ескертулер берілді.

Қайта жасалған қылмыстық құқықбұзушылық дерегінің орын алуы, сотталғандардың жан-жақты жүргізілген жұмыстарға қарамастан, түзелу жолына түспеуі олардың өмірге деген тұрақтылығының жоқтығы болып табылады. Бұған қоса, қайта қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алуда ай сайын қала прокуратурасы, жергілікті полиция қызметкерлері және пробация қызметкерлерімен бірлесіп құрылған мобильдік топ сотталғандарды түнгі уақыттарда, ойын-сауық орындары және тұрғылықты жері бойынша тексеріс жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ, олардың жақын туыстарына сот жүктеген міндеттерді жаза өтеу тәртібі туралы түсіндіріп, әлеуметтік және психологиялық көмек тағы да басқа сұрақтар бойынша сұхбат жүргізіліп келеді.

Бұған қоса, аталған тұлғалар тарапынан орын алатын қайталама қылмыстың алдын алуда, есепте тұрған сотталғандардың қазіргі және бұрынғы соттылықтары бойынша талдау жасалып, ауыр және аса ауыр қылмыстық жауапкершілікке тартылған және қайта қылмыс жасауға бейім тәуекелі тобы жоғары 22 сотталғанға электрондық білезік тағылды, оның ішінде электронды браслеттің көмегімен жаза өтеу тәртібін бұзған 3 сотталған анықталып, іс құжаттары Талдықорған қалалық сотына жолданып отыр.

Данагүл МӘКЕН

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ «МЕНІҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫМ» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

2024 жылы Талдықорған қаласы бойынша 30 азаматқа кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік грант берілді. Мансап орталығы тарапынан жүргізілген мониторинг нәтижесінде грант иегерлерінің жеке құжаттары мен комиссия отырыстарының хаттамалары толықтай тексерілді. Бұл туралы Талдықорған қаласы Мансап орталығы филиалының директоры Азамат Балтабеков баяндады.



Айта кетейік, 2025 жылға арналған гранттардың бірінші легі бойынша өтінімдер 21 мамыр мен 3 маусым аралығында қабылданды. Бүгінгі күнге дейін 69 өтінім тіркелген.

2025 жылдың есептік кезеңінде 78 жас маман жастар тәжірибесіне жолданған. Оның ішінде 6 маман түрлі себептермен жұмыстан шығарылған. Қазіргі уақытта 72 жас 48 мекемеде қызметін жалғастырып жатыр. Маусым-шілде айларында 70%-дық көрсеткішке жетіп, жыл соңына дейін жоспар толық орындалады деп күтілуде.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша 2025 жылға 80 адамды қамту жоспарланғанымен, қазіргі таңда небәрі 13 жас жұмысқа орналасты. Төмен көрсеткіштің себебі – 2024 жылдың қазан айында жұмыс берушілерден өтінім қабылданбағандықтан, жыл басында бағыттау көрсеткіші төмен болды. Қазіргі таңда оқу жылының аяқталуы күтілуде.

«Ұрпақтар келісімшарты» жобасын іске асыру ба-

рысында жастар мен тәлімгерлерді тарту кезінде бір-қатар қиындықтар туындап, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін болмады. Қазіргі таңда жобаның критерийлеріне сәйкес келетін қатысушылармен іріктеу жұмыстары жалғасуда.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасында 2025 жылғы қаржы жылына адам саны бойынша жоспар 80 адам. Қазіргі таңдағы орындалуы 13 адам. Жастардың жазғы айларында жұмыспен қамтылуына көңіл бөлінуде. Епбек.kz арқылы «Менің жазғы демалысым» жобасы бойынша 14 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдер бос жұмыс орындарына бара алады. 14 пен 15 жас аралығындағы жасөспірімдер порталға ата-аналарының көмегімен, ал 16 жастан асқан жасөспірімдер өз бетінше тіркеле алады. 14 пен 16 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін аптасына 24 сағаттан, ал одан үлкендер үшін 36 сағаттан артық жұмыс істеуге болмайды. Жоба аясында бүгінгі күні 2 студент, 1 оқушы жолданды.

Данагүл МӘКЕН

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ӘКЕ – АСҚАР ТАУ

Қазақ отбасында әке мен ананы қадірлеу, құрметтеу керектігі ерекше әспеттелген. Әкем мен анам бізге өмір сыйлаған, отбасының діңгегі, қос шынарым.

Әкеміздің есімі Тойшыбеков Бидікен Төлепбекұлы, анамыз Тойшыбекова Тұрар Шәкенқызы. Әкеміз қазіргі таңда 88 жаста, анамыз 3 жыл бұрын өмірден өтті. Ата-анамның өмір жолы кітап жазарлықтай құнды, бағалы. Әкемнің сенімімен алға жылжып, балалары біздер әкемізді үлгі тұтып, алға қойған мақсатымызға, арманымызға қадам бастық. Әкеміз отағасы, отау иесі болды. Жарына адал ер, балаларына қамқор әке, анасына сенімін ақтаған баласы бола білді.

Әкем Алматының зоотехникалық – мал дәрігерлік институтын 5 жыл оқып, үздік аяқтаған. Оқуын оқып жүріп, еңбек етті. Отбасына қарайласты. Атамыз соғысқа қатысқан кісі. Әкесі қайтыс болған соң, әкенің орнына әке де, ағадан қамқор болды. Өз анасына қарайласып, іні-қарындастарына қолдан келген көмегін аямады. Әкем оқуын аяқтаған соң, еңбек жолын Ақсу ауданы, Қызылтаң ауылында бастады. Сол ауылда әкем зоотехник боп алғашқы қызметін бастады. Қызметін адал атқарып, халықпен бірге болды. Адалдықтың арқасында қызметі өсті. Сөйтіп, ауылда парторг болып сайланып, партия мүшесі болды.

Кейіннен Жансүгір кентіне көштік, ол жерде де әкем өзінің білімін көрсетіп, жоғары қызметке тағайындалды. Аудандық әкімшілікте кәсіподақ ұйымында қызмет атқарды. Бұл қызметінде де абыройлы болды. Қызметін адал атқарып, талай орден, медальдарын алды. Әкеміз «Еңбек



Қызыл ту» орденімен және «Еңбек ардагері» тағы басқа да бірнеше орден, төсбелгілермен марапатталды. Әкем зейнетке шығар алдында ұстаздық қызмет атқарды. Бұл қызметінде де білімі мен тектілігі, тәрбиесін көрсетіп, өз ұжымында сыйлы болып, «Қазақстанның Білім озаты» орденімен марапатталды. Әкенің балаға айтар ақылы, берері, үйретері өте көп. Әкем атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрді, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты, отбасылық рухани құндылықтарды бірінші орынға қоя білді. Қазақы мінез бен еліне, жеріне деген патриоттық сезімді сіңіртеп, адалдыққа, әділдікке, шыншылдыққа баулады. Мен ер тұлғалы әкеммен мақтанамын. Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайтыны хақ.

Анамыз адал жар, инабатты келін, мейірімді ана бола білген жан. Анамызды мақтан етеміз. Анамыз Аллаһтың қалауымен он бір құрсақ көтерген жан. Алайда, алтауы қайтыс болып, әкем екеуі сабырлық танытып, қалған бесеуімізді тәрбиеледі. Ініміз Байкен Бидікенұлы, ол да әкеміздің тәлім-тәрбиесін, өнегесін алып, жоғары білім алып, ауылдық учаскелік инспектордан өмір жолын бастап, Ішкі істер бөлімінде қызметкер болып, адал қызмет етіп, облыстық департаментте де қызметін жалғастырды, Халық қаһарманы медалін алды. Барлығымыз ер жетіп, бой жетіп, отбасылы болдық. Көркем мінезімен балаларына үлгі болған, өнегесін көрсеткен анамды мақтан етеміз. Анамыз Бақытқарқызы Ырысты текті, тәрбиелі, өнегелі, мейірімді адам болды. Анамыз өзінің даналығын дарытып, бізге жүрегімізге имандылық ұялатты.

Анамыздың өмірден өткеніне 3 жыл өтті. Анамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы жолдас болсын. Ата-ананы қадірлейік, сыйлайық!

Назыкен БИДІКЕНҚЫЗЫ,
«Е.Берліқожаұлы атындағы
№11орта мектеп» КММ мұғалімі

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

TopIQ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне тың серпін беріп, оқыту мен оқудың жаңа тәсілдерін қалыптастыруға. Қазақстандық білім беру жүйесінде цифрландыру үрдісі басты бағыттардың біріне айналып отыр.

Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан бастамалардың бірі – TopIQ платформасы. Бұл платформа мектеп оқушыларының білімін тиімді бағалауға, мониторинг жүргізуге және оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді. TopIQ – қазақстандық IT мамандар әзірлеген, мектеп оқушыларының білім деңгейін диагностикалауға арналған цифрлық платформа. Ол оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын, оқуға, жазуға және есептеуге қабілетін түрлі тапсырмалар арқылы бағалайды. Платформа тапсырмалары халықаралық зерттеулер форматтарына (мысалы, PISA, TIMSS) сәйкес құрылып, оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

TopIQ платформасының негізгі мүмкіндіктері:

TopIQ нақты пәндер мен дағдылар бойынша оқушының білімін талдап, оның оқу жетістіктерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері мұғалімдерге оқушылардың әлсіз және күшті тұстарын айқындап, жекелеңдірілген оқыту жолын ұсынуға көмектеседі.

Платформа оқушылардың жеке және сынып деңгейінде көрсеткен нәтижелерін интерактивті диаграммалар мен кестелер түрінде ұсынады. Бұл мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

TopIQ тапсырмалары өмірлік жағдаяттарға негізделген,

оқушының нақты жағдайдағы әрекет ету қабілетін тексереді. Бұл – XXI ғасыр дағдыларына сай келетін оқу үлгісі. Платформа мұғалімдерге оқушылардың білімін жедел және әділ бағалауға көмектеседі, ал мектеп басшылығына білім сапасын басқаруда стратегиялық шешім қабылдауға негіз береді. Аталмыш платформасы дәстүрлі бағалау әдістерінен цифрлық, автоматтандырылған жүйеге көшуді жеңілдетеді. Платформа қолдануға ыңғайлы, әртүрлі құрылғыларда (компьютер, планшет, смартфон) жұмыс істей алады. Бұл ауылдық және қалалық мектептер арасындағы цифрлық алшақтықты азайтуға септігін тигізеді.

TopIQ платформасының білім беру жүйесіне өзіндік әсері зор. Оқу сапасын арттыруда нақты деректерге сүйеніп оқыту, сапалы нәтижеге жетелейді. Мұғалімнің жұмысын жеңілдетуде автоматты тексеру, есеп беру үдерісін оңтайландырады. Оқушы белсенділігін арттыруда қызықты тапсырмалар мен геймификация элементтері оқушыны ынталандырады. Білімдегі теңсіздікті азайтуда барлық оқушыларға бірдей мүмкіндік береді, әсіресе ауылдық мектептер үшін тиімді.

TopIQ – қазақстандық мектептерде цифрлық білім беруді дамытуда маңызды құрал. Ол мұғалім, оқушы және мектеп әкімшілігі арасындағы білім сапасын басқаруды заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта TopIQ платформасын кеңінен енгізу – сапалы, әділетті және қолжетімді білім берудің кепілі болмақ.

Серікбол ТІЛЕУБЕК,
Жетісу облысы, Талдықорған қаласы
«Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы
№18 орта мектеп-лицейі» КММ
информатика пәні мұғалімі

ӨЗЕКТІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Электр энергиясы адамның өмірі мен қызметінде үлкен пайда мен ыңғайлылықты береді. Бүгінде электр энергиясы пайдаланылмайтын бірде-бір өнеркәсіп саласы немесе өзге сала жоқ. Бизнес-құрылымдар үшін электрмен жабдықтау желілеріне қосылу – маңызды және өzekті мәселе. Электрмен жабдықтауды қалай ұйымдастыруға болады? Барлық қажетті құжаттар мен келісімшарттар қалай рәсімделеді? Осы және басқа да сұрақтарға ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Берік Сатыбалдыұлы сұхбат барысында жауап береді.

– Қайырлы күн, Берік Сатыбалдыұлы! Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне электрмен жабдықтау желілеріне қосу рәсімі бойынша қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді?

– Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының тұтынушылары арасындағы көтерме және бөлшек сауда нарығында туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Электр энергетикасы туралы» Заңымен және Электр энергиясын пайдалану қағидаларымен реттеледі.

Елдегі кәсіпкерлік қызметті жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясат аясында және Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі Қазақстанның позициясын көтеру мақсатында электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданды.

Атап айтқанда, ҚР Энергетика министрлігінің Электр энергиясын пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес:

▲ электрмен жабдықтау шартына қажетті құжаттар саны 9-дан 7-ге қысқарды;

▲ техникалық шарттарды беру мерзімі 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды;

▲ тұтынушы тарапынан жобалық құжаттаманы алдын ала келісу талабы алынып тасталды.

– Тұтынушыларды электр энергиясына қосу тәртібі мен мерзімдері өзгерді ме?

– Иә, тұтынушыларды электр желілеріне қосу тәртібі мен мерзімдерінде де оң өзгерістер орын алды. Енді заңды тұлғалар атынан құрылыс-монтаж ұйымдары, ал жеке тұлғалар өздері энергия беруші ұйымға (немесе энергия өндіруші ұйымға) техникалық шарттардың орындалуы және қондырғыларға кернеу беруге дайындығы туралы хабарлама мен шартты акцептеу туралы өтінішті еркін нысанда жібереді.

Энергия беруші ұйым:

▲ хабарламаны алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды және техникалық шарттардың орындалуын тексереді;

▲ 3 жұмыс күні ішінде кернеу беріп, есепке алу

ДЕНІ САУ ҰЛТ СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ЗИЯНЫ

Синтетикалық есірткіге тәуелділік – бұл ұзақ уақыт бойы қолданудың нәтижесінде пайда болатын, есірткіні тұтынуың бақылау қабілетінің бұзылуымен сипатталатын синдром.

Тәуелділік синдромының басты ерекшелігі – есірткіні қабылдауға деген күшті ұмтылыс (патологиялық құштарлық), ол тек саналы ойлар мен тілек түрінде ғана емес, сондай-ақ есірткіні қолдануды бақылау қабілетінің төмендеуімен, синтетикалық есірткіні басқа әрекеттерден артық қоюмен және зиян немесе жағымсыз салдарға қарамастан оны тұрақты түрде қолданумен көрінеді.

Синтетикалық есірткіге деген құштарлық ұйқысыздықпен және мінез-құлықтың өзгеруімен – мазасыздық, агрессивтілік, көңіл-күйдің төмендеуі немесе енжарлықпен қатар жүреді.

Сонымен қатар, организмге синтетикалық есірткінің әсеріне төзімділіктің артуы және оны қолдануды тоқтатқанда немесе азайтқанда пайда болатын абстиненттік белгілер сияқты физиологиялық тәуелділік белгілері де байқалуы мүмкін.

Физикалық тәуелділіктің белгілері:

- Синтетикалық есірткіні қолдануға деген обсессивті ойлар (құштарлық, тәбет);
- Шамадан тыс ашуланшақтық
- Көңіл-күйдің төмендеуі;
- Ұйқы бұзылыстары;
- Синтетикалық есірткіні қабылдауды бақылауды жоғалту;

- Дозаның бастапқы мөлшерінен 2–3 есе артуы, өйткені бұрынғы дозалар эйфория сезімін тудырмайды;
- Соматикалық бұзылыстар (ауыз қуысы мен жұтқыншақтың шырышты қабығының күйіктері, бронх зақымдануынан болатын жөтел).



жүйесін пломбалайды және тиісті акт береді;

▲ пломбалау актісі берілген соң 2 жұмыс күні ішінде құжаттарды энергиямен жабдықтаушы ұйымға жолдайды.

– Егер энергия беруші ұйым техникалық шарттардың талаптарының орындалмағанын анықтаса, не болады?

– Мұндай жағдайда энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы акт береді. Кемшіліктерді жойғаннан кейін, тұтынушы немесе мердігер ұйым техникалық шарттардың орындалуы және дайындық туралы қайта хабарлама жолдайды. Энергия беруші ұйым бұл хабарламаны 1 жұмыс күні ішінде қарайды. Егер кемшіліктер жойылмаса, келесі тексеру тек 1 айдан кейін жүргізіледі.

– Объектінің меншік иесі ауысқан кезде жаңа техникалық шарттар алу қажет пе?

– Жоқ, техникалық шарттарды қайта рәсімдеудің қажеті жоқ. Алайда меншік иесі өзгерген жағдайда, жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйымға шартты акцептеу туралы өтініш жолдауы тиіс.

Энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде теңгерімдік тиесілікті және пайдалану жауапкершілігін шектеу актісін береді және энергиямен жабдықтаушы ұйымға құжаттарды жібереді. Бұрынғы меншік иесі электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысу жүргізеді.

– Бұрын тұтынушыға жобалық құжаттаманы келісу қажет еді. Қазір бұл талап бар ма?

– Қазіргі таңда жобалық құжаттаманы энергия беруші ұйыммен алдын ала келісу талабы жойылды. Бұл өзгеріс процесті айтарлықтай жеңілдетеді.

– Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдері бұзылған жағдайда тұтынушылар қайда жүгіне алады?

– Мұндай жағдайда тұтынушылар ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментіне келесі мекенжай бойынша жүгіне алады: Талдықорған қаласы, Қаратал шағын ауданы, 60В, 101 және 103-кабинеттер. Байланыс телефоны: +7 (7282) 41-70-80. Сонымен қатар, «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы да шағым жолдауға болады.

Егер синтетикалық есірткіні үздіксіз (күнделікті немесе аптасына бірнеше рет) бірнеше ай бойы қолдану орын алса, жоғарыда аталған белгілердің бәрі болмаса да, синтетикалық есірткіге тәуелділік синдромы диагнозын қоюға болады.

Синтетикалық есірткіні қолдануға байланысты бұзылыстарды ерте анықтау үшін клиникалық сұхбат, сауалнама, тесттер сияқты скринингтік зерттеулер жүргізілуі қажет.

Диагнозды растау және синтетикалық есірткіні қолданудан бас тартуды бақылау үшін химиялық-токсикологиялық әдістер қолданылады.

Синтетикалық каннабиноидтарға тәуелділік – бұл адам денсаулығына және психикалық жағдайына елеулі зиян келтіретін ауыр әрі қауіпті жағдай. Ол ұзақ уақыт қолдану нәтижесінде дамып, жеке тұлғаның өмір сапасын төмендетеді, мінез-құлқын өзгертеді және әлеуметтік бейімделуге кері әсер етеді.

Тәуелділіктің ерте кезеңінде скринингтік тексерістер жүргізіп, оны уақытында анықтау – аурудың асқынуын болдырмаудың және тиімді ем жүргізудің басты шарты болып табылады. Диагнозды нақтылау мен ем процесін бақылауда химико-токсикологиялық зерттеулер маңызды рөл атқарады.

Сондықтан да синтетикалық есірткінің зияны туралы қоғамда кеңінен ақпарат таратып, алдын алу шараларын күшейту қажет. Жасөспірімдер мен жастар арасында психоактивті заттарды қолданудың алдын алу – басты міндеттердің бірі болуы тиіс.

Ж. БАЙШАЛОВА,
«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны дәрігер-наркологи

ДІН-ДІҢГЕК ОТБАСЫ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Қазақ қоғамындағы ата-ананың басты міндеті-ұл мен қызды аман-есен өсіріп, саналы, бақытты ғұмыр кешуі үшін дұрыс бағым-бағдар беріп, үлгілі тәрбиелеу. Ер жеткен ұл мен қыздың міндеті - ұяда көргенін өмірде қолдана отырып, өзін өзі танумен қатар үлгілі отбасын құрып, ұрпақ сабақтастығын жалғастыру.

«Отан отбасынан басталады!» дегендей, отбасын құру-адамзатқа үлкен жауапкершілік жүктейді. Отбасының беріктігі – бүкіл әулеттің ғана емес, тұтас бір елдің жаңғыруының, береке-бірлігінің, дәстүр құндылығының берік қазығы. Сондықтан да әр әке ұлына, әр шеше қызына отбасын құрудың маңыздылығын санасына құйып өсірсе, соғұрлым өлімізде ажырасу, неке бұзу мәселесі туындамас еді. Кез келген халықтың ғасырдан ғасырға, ата-бабадан жалғасып келе жатқан өзіне ғана тән педагогикасы, ұлттық психологиясы бар. Бұл дала ілімі мен бабалар даналығына негізделген. Осы құндылықтарды жоғалта бастағаннан болар жастар адасып, қателесіп жатады. Тіптен отбасын құруға асықпайды немесе дайын болмайды. Осындайда жастарға ақыл айтып, жол сілтер үлкендер, ата-аналар бала өміріндегі ең басты әрі маңызды шешімге салғырттық танытпай, баласының жақсы жар таңдап, қызының жақсы жерге келін болып баруына ықпалын тигізсе нұр үстіне нұр болар еді. Халқымызда «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық»- деген нақыл сөз бар. Қазақ тарихында осы қағидамен үйленіп, үлкендердің ақылынан сусындаған жастардың жар таңдауда тектілікке мән беріп, адаспай, келешегіне, ұрпағына лайықты тәрбие бергенін білеміз. Оған көз жеткізу үшін батыр балаларымыз бен билеріміздің, шешендеріміз бен көсемдеріміздің өмірдеректеріне үңілсек жетіп жатыр. Қазақы дәстүріміз дінімізбен сабақтас. Асыл дінімізді таратушы Пайғамбарымыздың хадисінде» Ей, пендем! Мен өзіңе лайық түр бердім. Өзіңе лайық тіл бердім. Өзіңе лайық дін бердім. Өзіңе лайық діл бердім»,- дейді. Әр мұсылман осыған көңіл бөліп, жете түсінсе, Алла сыйлаған жанының баға жетпес құнды екенін сезінсе тәнінің де аса зор сый екенін сезіне алады. Ал жан мен тәнге қиянат жасамай, өмірдің мәнін де мақсатын да ұлттық мүддеге бағыттай алсақ, қоғамға қосқан үлкен үлесіміз болар еді.

Еркебұлан НЕМЕЛБАЕВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімінің дінтанушы маманы

ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ ОСТРАЯ БОЛЬ В ПОЯСНИЦЕ

Боль в пояснице – частая причина обращения за неотложной помощью. Она может возникнуть внезапно при поднятии тяжестей, резком движении, переохлаждении или как симптом внутренних заболеваний. Важно правильно оценить состояние и не навредить.

ПРИЗНАКИ:

- резкая, простреливающая боль в пояснице (люмбаго);
- ограничение подвижности, боль усиливается при движении;
- иногда отдает в ногу, пах, живот;
- может сопровождаться онемением, слабостью конечностей.

НЕОТЛОЖНЫЕ МЕРЫ:

1. Обеспечить полный покой – уложить пострадавшего на твердую поверхность в удобной позе.
2. Приложить холод (в первые часы) или сухое тепло (через сутки) к пояснице.
3. При сильной боли дать обезболивающее (ибупрофен, кеторол).
4. Не пытаться выпрямить или активно двигать больного.
5. Не выполнять массаж без указаний врача.
6. При усилении боли, онемении ног или нарушении мочеиспускания – вызвать скорую помощь.

Самолечение может привести к осложнениям. При повторяющихся болях в пояснице необходима консультация специалиста и полноценное обследование.

СКОРАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ГОЛОВНОЙ БОЛИ

Головная боль – один из самых распространенных симптомов, который может быть как безобидным, так и сигналом серьезного нарушения. Скорая помощь требуется, если боль внезапная, интенсивная, сопровождается другими тревожными признаками.

ОПАСНЫЕ СИМПТОМЫ:

- внезапная «громоподобная» боль;
- нарушение речи, зрения, координации;
- онемение конечностей;
- судороги, потеря сознания;
- высокая температура, рвота, скованность шеи.

ДЕЙСТВИЯ ПРИ ОБЫЧНОЙ ГОЛОВНОЙ БОЛИ:

1. Обеспечить покой и тишину, уложить в темной комнате.
2. Измерить давление, температуру.
3. Приложить холод к лбу или теплую грелку к затылку (в зависимости от характера боли).
4. Дать обезболивающее (парацетамол, ибупрофен) при отсутствии противопоказаний.
5. Обильное питье, доступ к свежему воздуху.

КОГДА ВЫЗЫВАТЬ СКОРУЮ:

- при резкой, необычной боли;
- если человек теряет сознание;
- при признаках инсульта или менингита;
- если боль не проходит от таблеток и усиливается.

Не стоит терпеть сильную головную боль. Своевременная помощь и диагностика – залог безопасности и здоровья.

Г.КАЛДЫХАНОВА, А.ЖЕТМЕКОВА, С.АБДИЛДАЕВА,
Станция скорой помощи г. Талдықорған, Детский дом «Айналайын»



Құттықтаймыз!

Құрметті **Рахмет Разбекулы**
сізді туған күніңізбен құттықтаймыз!

Облыс пен қаланың өсіп-өркендеуі жолында талмай еңбектеніп келесіз. Қай саланың болмасын жұмысын жандандырып еселі еңбек етіп, зейнет жасында болсаңыз да қала дамуына сүбелі үлес қосып келесіз.

Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге толағай табыс, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді тілейміз.

Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Құрметпен, Талдықорған қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшелері

«Парасат» орденінің иегері, ауыл шаруашылығы саласының
майталманы, «Самай» шаруа қожалығының басшысы, қалалық
қоғамдық кеңестің мүшесі

Еркінбек Слямвты 70 жасқа толған
қуанышты да, мерейлі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Еңбекте қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой
биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде
өзіңізді танытып жүрсіз. Мерейлі күніңізде Сізге
мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге
баянды бақыт тілейміз!

Ізгі ниетпен: Талдықорған қаласы
Қоғамдық кеңестің мүшелері



ПОЛИЦЕЙСКИХ КАЗАХСТАНА!

23 июня казахстанские стражи порядка отмечают свой профессиональный праздник - День полиции. Это важное событие, которое чествует труд и преданность служащих органов внутренних дел. Ежедневно они несут нелёгкую службу по охране правопорядка, обеспечению безопасности и защите прав граждан. Зачастую, рискуя собственными жизнями и здоровьем, приходят на помощь людям, оказавшимся в беде. Борьба с преступностью, обеспечение правопорядка и безопасности, профилактика правонарушений - всё это требует

не только высокого профессионализма, но и исключительной отваги, верности долгу, ответственности и героизма. Служба полицейских - это залог безопасной жизни казахстанцев, уверенности в завтрашнем дне.

В этот день выражают благодарность тем, кто ежедневно защищает наш мир и покой.

Жители областного центра, редколлегия газеты от всей души поздравляет наших полицейских. Желает им крепкого здоровья, счастья и успехов в их нелёгкой и почётной службе.

Азат БОРАНГАЗИЕВ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Талдықорған қаласының прокуратурасымен Конституциялық сот қаулыларының қадағалау аумағында біркелкі орындалуын қамтамасыз ету және олардың келесідей қолданылуына түсіндірмесі.

1. Конституциялық сотпен ҚК-тің 72-бабының 8-бөлігінің 1-тармағы Конституцияға сәйкес келмейді деп танылды. Аталған нормативтік қаулыға сәйкес, өлім жазасына сотталып, кейіннен өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы қолдануға тыйым салу Конституцияға сәйкес емес деп танылды.

Осы санаттағы сотталған адамдар, НҚ сәйкес кемінде 25 жыл бас бостандығынан айыру жазасын өтеген жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы сотқа өтінішпен жүгінуге құқылы делінген (ҚР КС-ның 2024 жылғы 11 шілдедегі №48-НП нормативтік қаулысы (әрі қарай - НҚ) «2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР ҚК 72-бабы 8-бөлігінің 1-тармағын ҚР Конституциясына сәйкестігін қарастыру туралы»).

2. Конституциялық сотпен ҚПК-нің 80-бабының 2-бөлігі (Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе

арнаулы мемлекеттік органы уәкілетті бөлімшесінің қызметкері зерттеу жүргізу және қорытынды беру үшін маман ретінде тартылуы мүмкін) Конституцияға сәйкес деп танылған, себебі мұндай бөлімшенің қызметкерлерінде арнайы білімі мен арнайы құзыретіне негізделген зерттеулер жүргізу мүмкіншілігі бар, аталған бөлімше ҚР аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау жүргізу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен мемлекеттік айыптауды қолдауды жүзеге асырмайды (ҚР КС-ның 2023 жылғы 20 шілдедегі №24 НҚ «2014 жылғы 4 шілдедегі ҚР ҚПК 80-бабының 2-бөлігін ҚР Конституциясына сәйкестігін қарау туралы»).

3. Конституциялық сотпен ҚПК 127-бабының 4-бөлігі Конституцияға сәйкес деп танылған. Себебі іс жүргізуді болдырмайтын және сол күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қылмыстық қудалау органы қабылдаған, күшін жоймаған қаулысы бар адамды айыптауға жол бермейтін мән-жай болып табылады, яғни ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 8-тармағына сәйкес (ҚР КС-ның 2024 жылғы 5 шілдедегі №47-НП НҚ «2014 жылғы 4 шілдедегі ҚР ҚПК 127-бабының 4-бөлігін ҚР Конституциясына сәйкестігін қарау туралы»).

Талдықорған қаласының прокуратурасы

ИСПОЛНЕНО ПРЕДПИСАНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проведен мониторинг деятельности государственных предприятий.

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГКП «Сарканский политехнический колледж» ГУ «Управление образования области Жетісу» не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесены предписание об устранении допущенных нарушений.

На данный момент предписание исполнено в полном объёме.

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талсырыс №625 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру бойынша конкурстың басталғанын жариялайды.

Грант берудің мақсаты - белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа идеялар мен бастамаларды мемлекеттік қолдау.

2025 жылы республикалық деңгейде 3 млн. теңгеден 30 грант берілетін болады.

Грантқа 14 жасстан бастап 35 жасқа дейінгі (34 жасты қоса алғанда) Қазақстан Республикасының азаматы үміткер бола алады.

Грант мынадай 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін конкурстың негізде беріледі:

«ҒЫЛЫМ» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

«МӘДЕНИЕТ» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

«АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

«БИЗНЕС» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

«МЕДИА» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;

«ВОЛОНТЕРЛІК» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Конкурстың өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 16 маусымнан бастап 18 тамыз аралығында (бұл ретте, а.ж. 18 тамыз, сағ.: 24:00-ге дейін) t.urpaktary25@gmail.com электронды поштасы арқылы жүзеге асырылады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 706-618-07-23 (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

Конкурстың қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде):

1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстың өтінім (PDF форматы);
2) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (word форматы);

3) Жоба бойынша бейнематериал (60 секундтан аспайтын) немесе презентация (10 слайдтан аспайтын);

4) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (word форматы);

5) Зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса, PDF форматы);
6) Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидалары (жүктеу).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

Министерство культуры и информации Республики Казахстан объявляет старт конкурса по присуждению гранта «Тәуелсіздік ұрпақтары», учрежденного Главой государства.

Цель присуждения гранта – государственная поддержка новых инициатив и идей, направленных на формирование сообщества активной творческой молодежи.

В 2025 году на республиканском уровне будет присуждено 30 грантов по 3 млн. тенге.

На грант может претендовать гражданин Республики Казахстан в возрасте от 14 до 35 лет (34 года включительно).

Грант присуждается на конкурсной основе для реализации проектов по 6-ти направлениям:

«НАУКА» – для реализации новых научных проектов и исследований;

«КУЛЬТУРА» – для реализации проектов, направленных на популяризацию культурного наследия Казахстана, продвижение народных культурных традиций и искусства;

«ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» – для реализации и разработки новых IT-решений и проектов;

«БИЗНЕС» – для реализации новых бизнес-идей;

«МЕДИА» – для реализации новых медиа-проектов, в том числе проектов по созданию познавательного, полезного, интересного контента для молодежи;

«ВОЛОНТЕРСТВО» – для реализации волонтерских проектов, направленных на решение актуальных социальных проблем.

Прием конкурсных заявок осуществляется с 16 июня по 18 августа (при этом, 18 августа т.г., до 24:00 ч.) 2025 года по электронной почте t.urpaktary25@gmail.com.

Телефоны для справок: 8 (7172) 74-12-78, 8 706-618-07-23 (в рабочие дни, с 9:00 ч. до 18:30 ч.).

Перечень документов, необходимых для участия в конкурсе (на государственном и (или) русском языках):

1) Конкурсная заявка по форме согласно Приложению-1 (PDF формат);
2) Описание проекта по форме согласно Приложению-2(word формат);

3) Видео (не более 60 секунд) или презентация проекта (не более 10 слайдов);


4) Проект сметы расходов по форме согласно Приложению-3 (word формат);

5) Сведения об интеллектуальной собственности (при наличии, PDF формат);

6) Копия удостоверения личности или свидетельства о рождении (PDF формат).

Правила присуждения гранта «Тәуелсіздік ұрпақтары» (скачать)

Пресс-служба Министерства культуры и информации РК



«Достық» шағын ауданында 3-ші қабатта
4 бөлмелі (2 балқоны бар) пәтер сатылады.
Ғали Орманов көшесі, 33/21 үй, 28 пәтер.

Байланыс телефоны: 87756978472

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГУЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ